



Қазақстан Республикасы Мемлекеттік ішкі займының ұлттық жинақ облигацияларын шығару туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 21 мамыр N 619

"1996 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 21 желтоқсандағы N 2700 U952700_ Заң күші бар Жарлығын орындау үшін, сондай-ақ мемлекеттік бағалы қағаздар шығару есебінен бюджет тапшылығын инфляциядан тыс толтырудың үлесін арттыру және халықтың жинақтарын инфляция процесіне құнсызданудан қорғау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы мемлекеттік ішкі займының ұлттық жинақ облигацияларын шығару, айналысқа қосу және өтеу шарттары туралы Ереже бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне Қазақстан Республикасы мемлекеттік ішкі займының ұлттық жинақ облигацияларын шығару, айналысқа қосу және өтеу шарттары туралы Ережеге сәйкес 1996 жылы нақты құны бір мың теңге, жалпы көлемі 1300 миллион теңге және айналыс мерзімі 364 күн болатын Қазақстан Республикасы мемлекеттік ішкі займының ұлттық жинақ облигацияларын шығаруға р ұ қ с а т е т і л с і н .

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен Қазақстан Республикасының мемлекеттік ішкі займын шығару мен айналысқа қосуға депозитарлық қызмет көрсету туралы бас агенттік келісім жасасын.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан

Республикасының Ұлттық Банкімен келісім бойынша ұлттық жинақ облигацияларын орналастыру және оған көмекші депозитарлық қызмет көрсету жөніндегі қаржы агенттерін айқындау үшін екінші дәрежелі банктер арасында тендер өткізсін.

5. Қазақстан Республикасының Ұлттық банкіне бас қаржы агенті ретінде қаржы агенттерімен агенттік келісім жасау ұсынылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің

1996 жылғы 21 мамырдағы

№ 619 қаулысымен

Бекітілген

Қазақстан Республикасы мемлекеттік ішкі займның
ұлттық жинақ облигацияларын шығару, айналысқа
қосу және өтеу шарттары туралы

Ереже

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасы мемлекеттік ішкі займның ұлттық жинақ облигацияларын (бұдан әрі - Ереже) шығарудың, айналысқа қосудың және өтеудің шарттары мен тәртібін айқындайды.

2. Ұлттық жинақ облигациялары мемлекеттік бағалы қағаз болып табылады, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің тарапынан республикалық бюджеттің ағымдағы тапшылығын материалдық емес тіркелетін нысанда шығарылған уақытынан бастап 364 күн (52 апта) айналыс мерзімімен, мерзімінен бұрын өтеу құқығынсыз қаржыландыру мақсатында тоқсанның кез келген айының үшінші немесе төртінші аптасында бір рет шығарылады, бас қаржы агентінің депозитарийіне депо-шотқа жазу жолымен орналастырылады.

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ толықтырылды - ҚР Үкіметінің 1999.09.07. № 1324 қаулысымен. Р 9 9 1 3 2 4 _

3. Ұлттық жинақ облигацияларына үш айлық мемлекеттік қысқа мерзімді қазынашылық міндеттемелерді (бұдан әрі - МЕҚҚАМ) немесе үш айлық мемлекеттік индекстелген қазынашылық міндеттемелерді (бұдан әрі - МЕИҚАМ) орналастыру жөніндегі тиісті аукционда қалыптасқан ставка бойынша сыйақы (мүдде) есептеледі. Сыйақы (мүдде) тоқсан сайын он төртінші, жиырма жетінші, қыркыншы және елу үшінші аптада, яғни эмиссиядан кейінгі олардың айналысының 92, 183, 274 және 364-ші күнінен бастап төленеді.

ЕСКЕРТУ. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 1999.09.07. № 1324 қаулысымен. Р 9 9 1 3 2 4 _

4. Ұлттық жинақ облигациялары бойынша сыйақы (мүдде) олардың айналысының әрбір тоқсаны үшін есептеледі. Ұлттық жинақ облигациялары айналысының бірінші тоқсаны үшін сыйақы (мүдде) ставкасы жазылым басталғаны жарияланған уақыттың алдындағы МЕҚҚАМ аукционында қалыптасқан сыйақы (мүдде) ставкасына тең белгіленеді.

Егер МЕҚҚАМ аукционы өткізілген күн мен жазылым басталғаны хабарланған күннің арасында МЕИҚАМ аукциондары өткізілсе, сыйақы (мүдде) ставкасы осы

кезенде өткізілген МЕИҚАМ аукциондарының соңғысында қалыптасқан сыйақы (мүдде) ставкасына тең белгіленеді. Кейінгі тоқсандар үшін ол - тиісті тоқсанның бірінші аптасында өткізілген МЕҚҚАМ аукционында қалыптасқан сыйақы (мүдде) ставкасына тең, ал мұндай аукцион өткізілмеген кезде - өткізілген МЕҚҚАМ аукциондарының соңғысында қалыптасқан сыйақы (мүдде) ставкасына тең.

Соңғы МЕҚҚАМ аукционы өткізілген күні мен сыйақы (мүдде) есептелетін кезеңнің басталуы арасындағы кезеңде МЕИҚАМ аукциондары өткізілсе, ұлттық жинақ облигациялары бойынша сыйақы (мүдде) ставкасы осы кезеңде өткізілген МЕИҚАМ аукциондарының соңғысында қалыптасқан сыйақы (мүдде) ставкасына тең белгіленеді.

ЕСКЕРТУ. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚРҰ-нің 1996.09.25. N 1172 қаулысымен. Р 9 6 1 1 7 2 _

ЕСКЕРТУ. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 1999.09.07. N 1324 қаулысымен. Р 9 9 1 3 2 4 _

4-1. Сыйақының (мүдденің) ставкасы МЕИҚАМ бойынша пайдаланылған жағдайда, ағымдағы төлеуге жататын ұлттық жинақ облигациялары бойынша сыйақының (мүдденің) сомасы МЕИҚАМ ставкасы бойынша айқындалған сыйақы (мүдде) сомасынан басқа, сыйақыны (мүддені) төлеу жүргізілетін айдың алдындағы үш айлық кезең үшін ұлттық жинақ облигацияларына салынған инвесторлар қаражатының инфляциясынан болған зиянды өтеу сомасын қамтиды және мынадай формула бойынша айқындалады:

$$S = N * I / 100 + C$$

мұнда С, теңге - МЕИҚАМ аукционында белгіленген сыйақы (мүдде) ставкасы бойынша айналыстың тиісті кезеңі үшін есептелген сыйақы (мүдде) сомасы;

N, теңге - сыйақы (мүдде) есептелетін ұлттық жинақ облигацияларының номиналдық ұны ;

S, теңге - ағымдағы төлеуге жататын ұлттық жинақ облигацияларының сыйақы (мүдде) сомасы ;

I, % - сыйақы (мүдде) төлеу жүзеге асырылған үш айлық кезеңдегі инфляция (тұтыну бағаларының индексінен жүз шегерілген).

ЕСКЕРТУ. Жаңа 4-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 1999.09.07. N 1324 қаулысымен. Р 9 9 1 3 2 4 _

5. Ұлттық жинақ облигацияларының көрсетілген құнын өтеу соңғы сыйақы (мүдде) сомасын төлеумен бір мезгілде жүргізіледі. Міндеттеме міндеттеменің шарттары мен заңның талабына сәйкес тиісті дәрежеде атқарылуы қажет. Міндеттемелерді атқарудан бір жақты бас тартуға және оның шарттарын бір жақты өзгертуге жол берілмейді.

ЕСКЕРТУ. 5-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.09.07. N 1324 қаулысымен. Р 9 9 1 3 2 4 _

6. Ұлттық жинақ облигациялары Қазақстан Республикасының аумағында еркін айналыста болады және қолданылып жүрген заңдарға сәйкес заңды тұлғалар да және жеке адамдар да - Қазақстан Республикасының резиденттері де және резиденті еместер де оларды ұстаушылар бола алады.

7. Ұлттық жинақ облигациялары эмиссия белгілеген көлемнің шегінде, әрқайсысы жеке шығарылым болып табылатын және бір-біріне ұқсас ерекше нөмірі болатын сериялармен шығарылады. Ұлттық жинақ облигацияларының әр шығарылымына біреуі бас қаржы агентінің депозитарийінде депониттелетін, ал екіншісі Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінде сақталатын ауқымды сертификат екі данада ресімделеді.

8. Ұлттық жинақ облигацияларының әрбір эмиссиясын жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне қолданылып жүрген нормативтік актілерге сәйкес ұлттық жинақ облигацияларын кодтау және оларға ұлттық бір-біріне ұқсас нөмірлер беру үшін қажетті ұсыныстар мен материалдар жолдайды.

ЕСКЕРТУ. 8-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.10.28. N 1369 қаулысымен. P 0 1 1 3 6 9 _

9. 1996 жылға арналған ұлттық жинақ облигациялары эмиссиясының көлемі - "1996 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 21 желтоқсандағы N 2700 U952700_ Заң күші бар Жарлығына сәйкес 1,3 млрд, теңге жалпы сомда, ал одан әрі тиісті жылға арналған " Республикалық бюджет туралы" Заңға сәйкес айқындалады.

10. Ұлттық жинақ облигацияларын Қазақстан Республикасы аумағында орналастыру "Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің келісімі бойынша бас қаржы агенті болып табылатын Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі арқылы жүзеге асырылады.

Бас қаржы агенті Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігімен жасалған агенттік келісімге сәйкес ұлттық жинақ облигацияларының шығарылымына және айналымына түсуіне депозитарлық қызмет көрсетуді, ұлттық жинақ облигацияларын ұстаушылардың әрқайсысы бойынша депо-шоттар жүргізуді, облигацияға меншік құқығы мен осы құқықтың кез келген ауысуын есепке алуды жүзеге асырады. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бас қаржы агенті тапсыратын жиынтық ведомостың негізінде сыйақы (мүдде) төлеуді және ұлттық жинақ облигацияларын өтеуді жүзеге асырады.

Сыйақыны (мүддені) МЕИҚАМ ставкасы бойынша айқындаған кезде Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне жіберілетін жиынтық ведомосқа, онымен бірге сыйақыны (мүддені) төлеу жүргізілетін айдың алдындағы үш айлық кезең үшін тұтыну бағалары индексінің дәрежесі туралы мәліметтер де енгізіледі.

ЕСКЕРТУ. 10-тармақ өзгерді және толықтырылды - ҚР Үкіметінің
1999.09.07. N 1324 қаулысымен. P991324_

11. Ұлттық жинақ облигацияларын инвесторлар арасында орналастыру ұлттық жинақ облигацияларын орналастыру және айналымда болуына көмекші депозитарлық қызмет көрсету туралы бас қаржы агентінен жасалған агенттік келісімдердің негізінде, бас қаржы агенті депозиттарының көмекші депозитарийі рөлін орындаушы қаржы агенттері - екінші дәрежелі банктер арқылы жазылу жолымен жүзеге асырылады.

12. Қаржы агентінің депозитарийі осы қаржы агенті қызмет көрсететін ұлттық жинақ облигацияларын ұстаушылардың әрқайсысы бойынша депо-шарттар жүргізеді және облигацияларға меншік құқығы мен осы құқықтың кез-келген ауысуының есебін ж ү з е г е а с ы р а д ы .

13. Қаржы агенттерін Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бас қаржы агентімен бірлесіп, екінші дәрежелі банктер арасында тендер өткізу жолымен айқындайды. Бас қаржы агенті олармен ұлттық жинақ облигацияларын орналастыру мен айналысқа қосуға көмекші депозитарлық қызмет көрсету туралы және ұлттық жинақ облигацияларының қаржы агенттерінің бас қаржы агентінен агенттік келісімдерде ескерілген көлемде ұлттық жинақ облигацияларын сатып алу шарттары мен міндеттемелерін қоса есептегендегі қаржы агенттерінің ұлттық жинақ облигацияларын алуының барлық шарттары қарастырылатын әрбір жеке шығарылымына арнап агенттік келісім жасайды.

14. Қаржы агенттерінің ұлттық жинақ облигацияларын орналастыру мен айналысқа қосуға көмекші депозитарлық қызмет көрсету, сыйақы (мүдде) тоқсандық сомасын төлеу мен облигациялардың көрсетілген құнын өтеу жөніндегі шығындары бас қаржы агентімен жасалатын агенттік келісімдерде ескерілетін комиссиялық сыйақылармен өтеледі, сыйақының (мүдденің) тоқсандық сомасын төлеумен бір мезгілде Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің тарапынан төленеді. Қаржы агенттеріне төленетін комиссиялық сыйақы олар орналастырған облигациялар көлемінің жылдық 5 процентінен аспауы керек және оның ішінде қаржы агенттерінің ұлттық жинақ облигацияларына көмекші депозитарлық қызмет көрсетуге, жарнамаға және инвесторлар арасында түсіндірме жұмыстарын жүргізуге арналған барлық шығындары к і р е д і .

ЕСКЕРТУ. 14-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.09.07. N 1324
қаулысымен. P991324_

15. Инвесторларды ұлттық жинақ облигацияларына жазылудың басталуы және шығарылуы туралы құлақтандыру Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің тарапынан бұқаралық ақпарат құралдары және қаржы агенттері арқылы жинақ облигацияларының кезекті эмиссиясына жазылу басталуынан екі күнтізбелік апта

бұрын жүргізіледі. Хабарланатын ақпаратта мынадай мәліметтер: ұлттық жинақ облигацияларына жазылу және сатып алу жөнінде нұсқаулық (осы Ережеден көшірме) олардың айналымында болу тәртібі, эмиссияның күні мен нөмірі, айналымда болу мерзімі, сыйақы (мүдде) төлеу мен өтеу күні, сыйақы (мүдде) ставкасын есептеу әдісі, жекелеген инвестор алатын ұлттық жинақ облигацияларының ең жоғарғы және ең төменгі мөлшері, жазылуды жүргізетін қаржы агенттерінің тізбесі, шығарылым өткізілгендігін тану шарттары болуы қажет.

ЕСКЕРТУ. 15-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.09.07. N 1324
қаулысымен. Р 9 9 1 3 2 4 _

16. Ұлттық жинақ облигацияларына жазылу он күнтізбелік күнге созылады және ұлттық жинақ облигацияларының айналымға қосылуы басталуына үш банк күні қалғанда аяқталады. Инвесторлар ұлттық жинақ облигацияларына жазылуды жүзеге асырған кезде Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бекіткен нысан бойынша азаматтың тұратын жерін, төлқұжаттық және нысан бойынша сұралатын, басқа да мәліметтерді, алатын облигацияларының санын, тапсырыс берген күні мен уақытын, осы жазылушыға қызмет көрсететін қаржы агентінің атауын қосқандағы инвестор туралы толық мәлімет көрсетілуі қажет. Тапсырыс берумен бір мезгілде инвестор алынған ұлттық жинақ облигациялары үшін тапсырыста көрсетілген облигацияның санына сәйкес сомада ақы төлейді. Тапсырыс бойынша ақы төлеу ұлттық валюта - теңгемен қолма-қол төлеу және аудару нысанында жүргізіледі.

17. Инвесторлар ұлттық жинақ облигацияларын алуға бір мезгілде бірнеше қаржы агентіне тапсырыс бере алады. Инвесторлар жазылу жүргізілетін барлық мерзім ішінде өз тапсырыстарын кері сұрата және күші жойылған өтінім бойынша сатып алуға жататын ұлттық жинақ облигациялары үшін төленген ақшалар ала алады. Мұндай жағдайда қаржы агенті бір банк күні ішінде кері шақырылған тапсырысты жоюы және инвесторға ол тапсырыс бойынша төлеген соманы қайтаруы керек.

ЕСКЕРТУ. 17-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.09.07. N 1324
қаулысымен. Р 9 9 1 3 2 4 _

18. Қаржы агенттері инвесторлардан тапсырысты және алатын ұлттық жинақ облигациялары үшін төлемді агенттік келісімдерде көрсетілген көлемге жеткенше қабылдайды, одан кейін тапсырыстар қабылдау тоқтатылады. Егер тапсырыстардағы облигациялардың жалпы сомасы осы қаржы агенті мен бас қаржы агентінің арасында жасалған агенттік келісімде көрсетілген көлемнен аз болса, ұлттық жинақ облигацияларының сол көлемге жетпей тұрған саны агенттік келісімде көрсетілген шарттарға сәйкес қаржы агенті тарапынан сатып алынады.

19. Жазылу мерзімі аяқталғаннан кейінгі үш банк күні ішінде қаржы агенттері агенттік келісімдерде көзделген көлемде сатып алынған ұлттық жинақ

облигацияларынан түскен қаражатты Қаржы министрлігінің (N 1141456 арнаулы шотына жібереді, бұдан кейін бас қаржы агенті қаржы агенттеріне осы ұлттық жинақ облигациясының шығарылымына арнап оған Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі берген ауқымды сертификаттың негізінде қаржы агенттерінің өздері сатып алған көлемдерді қосқандағы олар орналастырған ұлттық жинақ облигацияларының көлеміне сертификаттар береді.

20. Инвесторларға проценттер төлеуді осы Ережеге сәйкес белгіленген және шығарылымның ауқымды сертификатында көрсетілген ұлттық жинақ облигацияларын шығару шарттарында көзделген ставкалар бойынша қаржы агенттері тоқсан сайын жүргізеді. Инвесторларға ұлттық жинақ облигациялары бойынша проценттер төлеу осы Ереженің 3-тармағында көрсетілген күннен бастап он банкі күні бойында жүргізіледі. Егер осы мерзім өткенде жеке тұлғалар-инвесторлар есептелген сыйақыны (мүддені) алмаған болса, қаржы агенттері төленуге тиісті сыйақыларды (мүдделерді) олар бойынша сыйақы (мүдде) қосып есептеу шартымен талап етуі арқылы берілетін арнаулы жинақ шоттарына салады және оны инвестор талап еткен бойда төлейді. Ұлттық жинақ облигациялары бойынша заңды тұлғалар-инвесторлар талап етпеген сыйақының (мүдденің) тоқсандық сомасымен қаржы агенттері инвестордың есеп айырысу (ағымдағы) шоттарына аударады. Бұл ретте Қаржы министрлігі талап етілмеген тоқсандық сыйақыға (мүддеге) үстеме сыйақы (мүдде) есептеу жүргізбейді.

ЕСКЕРТУ. 20-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 1996.09.25.

N 1172 қаулысымен. P961172_

ЕСКЕРТУ. 20-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.09.07. N 1324 қаулысымен. P991324_

21. Ұлттық жинақ облигацияларының сыйақының (мүдденің) соңғы тоқсандық сомаларын төлеу және нақты құнын өтеу осы Ереженің 3-тармағында белгіленген күннен кейін отыз күнтізбелік күн бойы, осы Ереженің 20-тармағында жазылған тәртіппен жүргізіледі. Осы мерзім өткен соң облигациялардың талап етілмеген сыйақы (мүдде) сомасы мен нақты құнына осы Ереженің 20-тармағында жазылған тәртіп қ о л д а н ы л а д ы .

ЕСКЕРТУ. 21-тармақ жаңа редакцияда - ҚРҮ-нің 1996.09.25.

N 1172 қаулысымен. P961172_

ЕСКЕРТУ. 21-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.09.07. N 1324 қаулысымен. P991324_

22. Ұлттық жинақ облигацияларының операциялары сыйақы (мүдде) төлеу мен өтеудің хабарланған мерзіміне жеті күн қалғанда тоқтатылады. Осы уақыт ішінде бас қаржы агенті Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне сыйақы (мүдде) мен өтемді есептеу жүргізілетін ұлттық жинақ облигацияларының саны және әрбір қаржы

агенті бойынша төлем сомасы туралы мәлімет кіретін өтеуге арналған жиынтық

ведомосты

ұсынады.

ЕСКЕРТУ. 22-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.09.07. N 1324

қаулысымен. Р 9 9 1 3 2 4 _

23. Сыйақының (мүдденің) тоқсандық сомасын төлеу мен ұлттық жинақ облигацияларын өтеу үшін қажетті қаражаттарды Қаржы министрлігі қаржы агенттерінің корреспонденттік шотына, бас қаржы агенті ұсынған мәліметтердің негізінде, сыйақы (мүдде) төлеу мен өтеудің хабарланған күніне дейінгі бір банк күні ішінде

аударды.

ЕСКЕРТУ. 23-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.09.07. N 1324

қаулысымен. Р 9 9 1 3 2 4 _

24. Ұлттық жинақ облигацияларына меншік құқығының бір ұстаушыдан келесіге ауысуы ұлттық жинақ облигацияларын ұстаушылардың жазбаша тапсырмаларының немесе электрондық тапсырмаларының негізінде сатушы мен сатып алушының депо-шоттарына тиісті жазбалар енгізу жолымен тек қана қаржы агенттерінің депозитарийі арқылы жүзеге асырылады. Кез-келген ұлттық жинақ облигацияларына меншік құқығының ауысуы қаржы агенттерінің электрондық тапсырмалары негізінде бас қаржы агентінің депозитарийінде көрсетіледі.

25. Бас қаржы агенті қаржы агенттерінің қызметіне бақылауды жүзеге асырады және олар бас қаржы агентімен жасасқан агенттік келісімдерде көрсетілген өз қызметтері мен міндеттемелерін қанағаттанғысыз орындаған немесе бұзған кезде олармен агенттік келісімді біржақты тәртіп бұза алады.

26. Ұлттық жинақ облигацияларымен операциялар бойынша салық салу тәртібі "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығына сәйкес айқындалады.